Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 4 ш/а., теңіз жағалауы,
«Өнер» галереясы

Тел.: 8 701 77 99 212
8 702 677 00 15
8 777 66 66 415

АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

Республика Казахстан, Мангистауская область,
город Актау, 4 мкр., набережная,
галерея «Өнер»

Тел.: 8 701 77 99 212
8 702 677 00 15
8 777 66 66 415

**№18**
**27.06.2022**

5-қосымша
Нысан

**Кімге:** "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына
**Кімнен:** «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігінен

**Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына қатысуға өтініш**

Осы өтінішті бере отырып «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі «Мәдениет пен өнерді дамыту» бағыты, «Жеті түс» жобасын жүзеге асыру арқылы бейнелеу өнерін дамыту" грант тақырыбы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына (арықарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы Өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетініндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

**Төраға** **Т.Балтабаев**

Толтырған күні "27" маусым 2022 жыл

АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫ

6-қосымша
Нысан

**Өтініш берушінің сауалнамасы**

| № п/п | Атауы | Ақпарат (сұраныс беруші толтырады) |
|---|---|---|
| 1. | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы | «Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі |
| 2. | Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу) | 25 желтоқсан 2013 жылы |
| 3. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі | 131240021375 |
| 4 | Нақты мекенжайы | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32Б ш/а, 2 үй<br>«Өнер» арт-галереясы |
| 5. | Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат | |
| 6. | Бірінші басшының (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері мен электронды мекенжайы | Балтабаев Тынышбек Паизханұлы<br>tynywbek@mail.ru<br>8701 077 0084 |
| 7. | Бас есепшінің (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері (ұялы телефон нөмірімен қоса), электронды мекенжайы | Бекмұратова Дариға<br>87016944029 |
| 8. | Еңбек ресурсы барлығы:<br>Оның ішінде: | 26 |
| | Штаттағы қызметкерлер | 4 |
| | Шақырылған мамандар | 2 |
| | Волонтерлер | 20 |

**Төраға:** **Балтабаев Т.**

7-қосымша
Нысан

**Өтініш берушінің әлеуеті туралы ақпарат**

1. Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ұйымның жарғылық қызметіне сәйкестігінің негіздемесі.

«Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі – өңір суретшілерінің көркемдік деңгейі жоғары туындылар жасауына және олардың кәсіби шеберлігін үнемі дамытуға ықпал етеді. Бірлестік **Жарғысына сәйкес бірлестік қызметінің басты мақсаты** – отандық мәдениеттің, қазіргі өнердің барлық көрінісінің дамуына қолғабыс көрсету, бірлестік мүшелерінің шығармашылық әлеуетінің ең толық ашылуына қолайлы жағдай жасау, олардың шығармашылық жұмысы үшін қолғабыс көрсету, бірлестік мүшелерінің заңды мүддесін көздеу ретін өкіл болу, олардың азаматтық, экономикалық, әлеуметтік, авторлық және сабақтас құқығын қорғауда қолғабыс көрсету, суретшілердің, мүсіншілердің, кестешілердің, бейнелі және қолданбалы өнердің өзге көрінісінің өкілдерінің кәсіби нығаюында және осы кәсіптердің абыройының көтермелеуіне қолғабыс көрсету, тұлғалардың рухани дамуына, отандық мұраның және дүниежүзілік мәдениет пен өнерге баурауында қолғабыс жасау, мәдениет саласында халықаралық ынтымақтастың дамуына қолғабыс көрсету, шетелдің әріптестермен отандық бейнелі өнердің қайраткерлерімен қарым-қатынасын және байланысын кеңейту.

**Бірлестік міндеттері:**

1. Театрдың, киноның, бейнелі және қолданбалы өнердің саласында ғылмми, іздестіру, эксперименталық қызметін жүргізу, ұйымдастыру және қатысу;
2. Халықтық кәсіпшілікті және қаракеттің дамуын және қайта өркендеуін, дәстүрлі, сонымен бірге жаңашыл бағыттағы өнерді қолдау және дамыту;
3. Симпозиумдар, конгресстерді, конференцяларды, көрмелерді, вернисаждарды, лотереяларды, аукциондарды және басқада іс-шараларды ұйымдастыру бекітілген мақсаттарына сәйкес;
4. Антиквариаттарды, өнердің ескі ескерткіштерін, кітаптарды, күнделікті тұрмыс бұйымдарын жинау, реставрациялау, байқау, сақтау;
5. Өнер туындыларының, сәулет ескерткіштерінің сәулет өнерінің реставрациялуына қатысу, храмның, монастырьлардың, өзге ғибадат нысандарының құрлысынқалпына келтіру, реставрациялауында қолғабыс көрсету және икона салу бағытының кескіндемесін, көркеммұражайлардың, суретшілердің және мүсіншілердің мемориал үй мұражайларының қызметіне қолғабыс көрсету;
6. Баспа орталық және бірлестіктің көркем қорын жасау;
7. Бірлестік мүшелерін, суретшілердікестешілдерді, мүсіншілерді, дизайнерлерді, халықтық кәсіпшілердің шеберлерін, дарынды жас оқушыларды шетелге жіберу тәжрибие айырбастау мақсатымен және дүниежүзлік өнердің жауүармен танысу үшін шығармашылық іс-сапарлар ұйымдастыру және оларды қаржымен қамтамтуға қатысу, Қазақстанда+ шетелдің мәдениет және өнер делегацияларын  қарсыалу;
8. Конкрустар, фестивальдар, байқаулар өткізу және және ұйымдастыруларында жастарды айқындау мақсатымен, жас суретшілерге, кестешілерге, мүсіншілерге, дизайнерлерге олардың шығармашылық қызметінің бірінші кезеңдерінде көмек көрсету;
9. Мәдениеттің және өнердің қарт қайраткерлерімен шығармашылық жастардың шығармашылық кездесуін ұйымдастыру озат отандық мәдениеттің тәжірибесімен дәстүрін берілі мақсатында;

10. Өнер және мәдениет қарт қайреткерлерінің емделуін және демалуын ұйымдастыру және қаржыландыру, бірлестік атынан қажетті көмек көрсету, төлемдер, қосымша зейнетақы және жәрдем ақы төлеу;

11. Ағартушылық қызметін жасау, полиграфиялық және аудиовизуалдық туындылар жасау және жүзеге асыру белгілі суретшілер, мүсіншілер, кең аудиторияны дүниежүзілік өнердің озат үлгілерімен таныстыру;

12. Балалардың көркем шығармашылығын қолдау, жас дарындардың көрмелерін, конкрутарын ұйымдастыру, дәрістер ұйымдастыру ағарту және балалар мекемелерінде дүниежүзілік шығармашылық мұраның популяризациялау және насихаттау.

2. Өтінің берушінің грант тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылып жатқан осыған ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйымның жекелеген қызметкерлері өздігінен өткізген немесе өзге ұйымдар арқылы жүзеге асырған жобалар мен қызмет түрлері ұйымның өзінің жұмыс тәжірибесі болып саналмайды).

| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі) | Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| 2013 жылы – бүгінгі күнге дейін | «Өнер» арт-галереясын ашу және жұмысын ұйымдастыру | Маңғыстау облысы | Демеушілер есебінен | Ақтауда заманауи бейнелеу өнерінің кеңестігі пайда болды;<br><br>100-ден астам қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылды;<br><br>Өңір суретшілеріне арналған қоғамдық орта пайдалануға берілді;<br><br>10-ға жуық шетелдік суретшінің жеке көрмесі өтті. |
| 2021 жылы – бүгінгі күнге дейін | «Шеберханадағы бір күн» халықаралық тәжірибе алмасу жобасы | Маңғыстау облысы | Демеушілер есебінен | Кемінде 3 шетелдік суретшінің шеберлік сағаты ұйымдастырылды; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | БАҚ, жергілікті атқарушы органдары, қоғамдық белсенділердің қатысуымен 2 талқылау өтті |
| 2021 жылы | «Көп қабатты үйлердің қабырғасына мурал салу» жобасы | Маңғыстау облысы | Демеушілер есебінен | Ақтаудағы 10 көп қабатты үйде мурал пайда болды |

«Ақтау қалалық суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігі 2013 – 2022 жылдар аралығында өнерді «көпшілікке» жақындату әрі өнер мен шығармашылықты насихаттау мақсатында 100-ден астам іс-шара, 20-ға жуық әлеуметтік жобаны жүзеге асырып келеді. Бірлестік өңірде алғашқылардың бірі болып шығармашылық кеңістіктерін қалыптастыра бастады. 2013 жылы желтоқсан айында бірлестік жанынан Ақтау қаласындағы теңіз жағалауында орналасқан «Өнер» көркем сурет студиясы өз жұмысын бастады. (https://studopedya.ru/2-39485.html) Галереяның негізгі жұмыс бағыты өңірдегі жас суретшілерді жан-жақты қолдау мен отандық және шетелдік қылқалам майталмандарының шығармашылығым насихаттау болып табылады. Бірлестіктің бастамасымен 2014 жылдан бастап Ақтау қаласындағы Маңғыстау өнер колледжінің бітіруші түлектеріне тегін шеберлік-сағаттар, тағылымдамалар ұйымдастырылды. (https://www.lada.kz/aktau_news/culture/17716-v-art-galeree-ner-proveli-vesenniy-vernisazh.html) Сонымен қатар, өңірде алғаш рет «Сәулетті Ақтау» жас суретшілердің көктемгі көрмесі өтіп, онда аймақтағы 30 суретшінің туындысы көрермен назарына ұсынылды. (https://www.lada.kz/aktau_news/culture/21464-v-aktau-v-art-galeree-ner-otkrylas-vystavka-kartin-na-temu-saulett-atauym.html)

Бірлестік жанынан құрылған арт-галереясында кеңестік және ресейлік суретші Николай Сафроновтың атаулы көрмесі ұйымдастырылды.

2015 жылы «Өнер» арт-галереясында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Каспий көкжиегі» атты республикалық сурет байқауы өтті. Сурет өнерінің қыр-сырын ашатын шеберлік сағаттарын өткізу үшін Қазақстан Республикасының Суретшілер Одағынан Жұмақан Қайрамбаев пен Жеңіс Нұрлыбаев шақырылды. Байқаудың басты жүлдесін Алматы қаласынан келген Оралбек Кабоке алып, Гран-при иегері атанды. Бірінші орын Астана суретшісі Бейбіт Әсемқұлға бұйырса, екінші орынға алматылық Бақыт Сейсенханұлы мен тараздық Дастан Оразаханов жайғасты. Үшінші орынды Алматының қылқалам шеберлері Светлана Цой мен Алмас Нұрғожаев және Маңғыстау облысының Жаңаөзен ауданынан Асылбек Эзджанов қанжығасына байлады. (https://mangystautv.kz/ru/news/culture/razvitie-art-iskusstva-v-aktau, https://sn.kz/o-am/2956-kaspij-suretshiler-shabyty)

Шетелдік маман мен өңірдегі жас суретшілердің тәжірибе алмасу кейсі жалғасып, жас суретшілерге арналған Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Әбдіғали Баяндиннің портрет бойынша қарындашпен және маймен шеберлік сағаты ұйымдастырылды. (https://www.lada.kz/aktau_news/culture/24636-v-art-galeree-oner-proshel-master-klass-po-portretu-s-karandashom-i-maslom.html)

2016 жылы бірлестік өңірдегі бейнелеу өнерін дамыту бойынша кешенді жұмыс жүргізу мақсатында көркемдік кеңес құрды. Кеңес бірлестік мүшелегіне жастарды тарту, кәсіби суретшілерден бөлек, әуесқой суретшілерді қолдау бойынша нақты міндеттерді қойды. Нәтижесінде, бірлестік Маңғыстау облысының мәдениет басқармасымен, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен, жастар ұйымдарымен,

үкіметтік емес ұйымдармен, әлеуметтік орталықтармен серіктестік орната бастады. Арт-галерея балалар ауласындағы балаларды, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларды шығармашылыққа баулу жұмыстарын қолға алып, тегін шеберлік-сағаттар, үйірмелер ұйымдастырып келеді. Маңғыстау облысында өткен ең ауқымды жастар фестивалі – «Aktau Open Fest» фестивалі аясында қала тұрғындары мен қонақтары үшін тегін екі күндік шеберлік сағаты ұйымдастырылды. (https://mangystautv.kz/ru/news/culture/novshestva-festivalya-aktau-open-fest-2016) Сонымен бірге, бірлестік демеушілердің көмегімен Ақтау қаласындағы жалғызбасты қарияларға арналған әлеуметтік орталыққа 20 картинаны тегін сыйлады.(https://almaty.spravker.ru/news/hudozhniki-mangistau-v-chest-prazdnika-amal-podarili-kartinyi-postoyaltsam-doma-prestarelyih.htm)

Бірлестік өңірдің танымалдылығы мен мәдени болмысын арттыру мақсатында өңір тұрғындары мен қонақтары үшін Александра Роганованың (https://www.lada.kz/aktau_news/culture/33220-vystavka-keramiki-aleksandry-roganovoy-otkryta-v-aktau.html), Болат Бәкібаевтың (https://mangystaumedia.kz/ru/obshtestvo/88800) жеке көрмесін өткізді.

Бірлестік 2017 жылы «Жас.Жалын.Жаңғыру» халықаралық жастар форумы аясында халықаралық арт-симпозиумін ақысыз негізде ұйымдастырып, облыс танымалдылығына үлес қосты. Сонымен қатар, 2017-2018 жылдары аралығында 150-ден астам жас суретшіні қамтыған «Саған,Ақтау», «Бояулар құпиясы», «Жаңа жыл-жаңа қадам», «Көктем шақырады», «Ұлы дала елінің киелі мұрасы», «Мың бояулы Маңғыстау» атты байқау ұйымдастырды.

Бірлестіктің «Өнер» арт-галереясында 2016-2018 жылдары аралығында өңір суретшілеріне арналған елімізге және әлемге танымал Сембіғали Смағұловтың, Мұрат Тілеубаевтың, Берікбол Молдабековтың, Зейнелхан Мұхаммеджанның, Әділғали Баяндиннің, Әли Бақтыгереевтің, Әлішер Жүргеновтің, Абай Чунчалиновтың және суретшілердің 20-дан астам шеберлік сағаты өтті.

Бірлестік жыл сайын дәстүрлі түрде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға арналған «Жаңа жылға – жаңа қадам» қайырымдылық жобасын жүзеге асырып келеді. Жоба аясында балаларға арналған сурет салудан тегін шеберлік сағаты, суретшілермен кездесу мен демеушілер ұсынған сыйлықтар (әуесқой суретшілерге арналған құрал-жабдықтарды қоса алғанда) үлестіріледі.

2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Өнер» арт-галереясында сурет салудан балалар үйірмесі өз жұмысын бастады. Балалар үйірмесі ақылы және ақысыз қызмет етеді. Үйірмеде балалар мен жасөспірімдер сурет, кескіндеме, мүсін және сызу курстарынан өтеді.

2019 жылдан бастап бірлестіктің қазіргі заманғы «Өнер» арт-галереясы өңірдегі әлеуметтік, мәдени-қоғамдық мәселелері бойынша азаматтардың пікір алмасу орнына айнала бастады. Суретшілерден бастап, жергілік мәслихат депуттары, қоғамдық пікір көшбасшылары, мемлекеттік мекеме басшылары, БАҚ өкілдері бас қосатын, азаматтарды толғандыратын мәселелер бойынша ақыл-кеңес құратын алаң пайда болды. Бүгінде «Өнер» арт-галереясы Ақтау қаласындағы тек суретшілер ордасы ғана емес, азаматтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыратын орталыққа айналды. 2021 жылы бірлестік негізін қалушылар – Аймұрат Таңатов пен Тынышбек Балтабеков мұнаймен картина салу өнерімен еліміздегі және шетелдегі БАҚ өкілдерін назарына аударды. (https://tumba.kz/zhizn-regiona/11-zhizn-regiona/62470Pochti500kartinnapisalineft%E2%80%B2juhudozhnikiizAktau.html,https://ru.sputnik.kz/20211208/neft-khudozhniki-aktau-foto-18853838.html) Бүгінде қос суретшіінің қолынан шыққан 500-ге жуық мұнаймен салынған туынды бар.

2021 жылы бірлестік негізін қалушылардың бірі Аймұрат Таңатов еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Ақтау қаласының орталық көшесінде орналасқан тұрғын үйлердің қабырғасына мурал салу бастамасына жетекшілік етіп, нәтижесінде қаладағы көп қабатты 10 үйдің қабырғасында Әбіш Кекілбайұлы, Есенғали Раушанов, Фариза Оңғарсынова және т.б. елімізге танымал тұлғалардың бейнесі пайда болды. (https://mangystautv.kz/kz/news/society/aktau-koshelerindegi-alyptardyn-beinesi)

Бүгінде бірлестіктің мүшелері өңірдегі мәдениет саласын дамыту бойынша кеңестің мүшесі, республикалық және халықаралық байқаулардың төрешілері, сонымен қатар, еліміздегі бейнелеу және сурет өнерінің сарапшылары болып табылады.

3. Өтініш берушінің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

Ұйымның әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға дайындығы баяндалады (техникалық-экономикалық көрсеткіштер).

| **№** | **Құрал-жабдықтар атауы** | **Саны** | **Жағдайы** |
|---|---|---|---|
| **1.** | Проектор Epson EB-S41, LCD, 3300lm, 15000:1, SVGA,<br><br>800x600, 6000hr, 0.58-8.89m, 2.4kg | 1 | Өте жақсы |
| **2.** | Принтер HP Laser Jet PRO M102w | 1 | Жақсы |
| **3.** | Notebook HP 15-BS564UR | 1 | Жақсы |
| **4.** | Проектор Optoma X343e (vit) | 2 | Өте жақсы |
| **5.** | Ноутбук HP (7SD01EA) 15-dw-0049 ur (i3-7020U. 2.3. GHz. 8Gb.1Tb+128Gb SSD, MX110 2Gb, DOS) | 1 | Өте жақсы |
| **6.** | Принтер лазерный Canon LBP-212DW A4-D-W | 2 | Өте жақсы |
| **7.** | МФУ лазерное HP LaserJet Pro M426fdn A4-A-D-F-N (F6W17A)/Картридж HP №26X Black 9000 стр. | 1 | Өте жақсы |
| **8.** | Моноблок HP All-in-One 22-c0081ur | 2 | Өте жақсы |

Бірлестіктің Ақтау қаласында 120 ш.м. құрайтын «Өнер» арт-галереясы бар. Аталған галереяда көрме залы, қызметкерлердің кабинеті мен келушілерге арналған демалыс зонасы, картиналарға арналған қойма бар.

Бірлестіктің барлық қызметкерлерінің жоғары білімі, ҮЕҰ саласында және мемлекеттік секторда жұмыс тәжірибесі бар.

Бірлестік барлық қажетті әкімшілік және экономикалық ресурстарға, банктік шотқа, қажетті жабдықтарға, компьютерлік және кеңсе техникаларына, жоғары жылдамдықты Интернет желісіне ие. Экономикалық және қаржылық көрсеткіштер бойынша Ұйым өзін қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі амплитудасы бар жобаларды іске асыру саласында жеткілікті тәжірибесі бар тұрақты ұйым ретінде көрсетті. Әртүрлі салалардағы жобаларды іске асырудағы орасан зор тәжірибенің арқасында ұйым түрлі салалардағы сарапшылармен әріптестік және достық қатынастарды қолдайды, бұл бізге жобаларға сарапшылар мен мамандарды өтеусіз негізде қысқа мерзімді міндеттерге қосымша тартуға мүмкіндік береді.

Бірлестік әлеуметтік жобаны іске асыруға дайын, техникалық сипаттамалары ұсынылған жобаға толық сәйкес келеді.

Бірлестік ҮЕҰ-ға арналған ұлттық дерекқорлар мен порталдардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына» енді және 2022 жылғы мәліметтер уақтылы ұсынылды (https://infonpo.gov.kz/web/guest/otkrytyj-reestr)
- Маңғыстау облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың порталында бар. https://npomangystau.kz/

4. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (жобаланған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға тартылатын қызметкерлер).

| Жобалық топ мүшесінің (болған жағдайда) аты-жөні | Лауазымы | Қызметкердің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндетіне сәйкес жұмыс тәжірибесі, жобалардың атауы және оларды жүзеге асырудағы рөлін көрсете отырып | Жұмыс тәжірибесі (жылдардың санын көрсету) | Әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттері, жауапкершілігі |
|---|---|---|---|---|
| Балтабаев Тынышбек Паизханович | Жоба жетекшісі | 2007 - осы күнге дейін - “Маңғыстау өнер колледжі” КММ-сі - “Кескіндеу” пәні мұғалімі<br>2012 ж - осы күнге дейін - “Өнер” арт галереясының жетекшісі | 15 жыл | Өңірлер мен басқа әріптестерді тарту, жобаның негізгі іс-шараларын іске асыру, сарапшылар жұмысын үйлестіру, жобаның одан әрі тұрақтылығын үйлестіру |
| Бекмұратова Дариға | Бухгалтер | 2014-2016 жж. - “Маңғыстау облысының прокуратурасы” ММ-сі - “Қаржы және ақпараттандыру” бөлімінің маманы<br>2016-2018 жж. - “Маңғыстау облысының қаржы басқармасы” ММ-сі - Меншікті басқару жөніндегі статист<br>2018-2022 жж. - “Дарабоз 2015” ЖШС-і - бухгалтердің көмекшісі<br>2020 ж - “Centrasia heavy industries” ЖШС-і - бухгалтердің көмекшісі | 8 жыл | Бухгалтерлік есепті толық жүргізу және жоспарлау, сондай-ақ осы жоба бойынша уақтылы қаржылық есепті тапсыру |
| Жайықова Айзада | SMM manager | *2015 қазан - ақпан 2016 ж.* «Таланттар академиясы" оқушылар мен мұғалімдердің қоғамдық ұйымы - пиар- | 7 жыл | Әлеуметтік желілерде жариялау үшін ақпараттық науқандар, презентациялар, суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | менеджер<br>*2013 жылдан бастап* - "Ұлан", "Ақжелкен" республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті мен журналының штаттан тыс тілшісі<br>*2016 жыл қараша-2017 жыл шілде* - «Жұлдыздар отбасы» журналы және juldyz.kz сайтында тілші<br>2017 жыл шілде – 2018 жыл маусым - «Baribar.kz» сайтында тілші<br>2018 жыл, 10 қыркүйек – 2018 жыл 10 желтоқсан - А.Жұбанов атындағы РҚММИ - Баспасөз хатшысы<br>*2019 жыл, 1 ақпан – 2019 жыл 5 маусым* - «Технолог» газетінің редакторы<br>*2019 жыл 12 тамыз – 2020 жыл 30 тамыз* - Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталық КММ - Медиа бөлімінің маманы<br>*2020 жыл 1қыркүйек – 2020 жыл 31 желтоқсан* - Х.Досмұхамедұлы атынадағы Атырау университеті - Журналистика кафедрасында оқытушы<br>*2021 жыл 1 қаңтар – 2021 жыл 1 желтоқсан* - « Baribar» ақпараттық порталы - журналист<br>*2021 жыл 23 желтоқсан – қазірге дейін* - «Елорда Ақпарат» ЖШС "Астана ақшамы" - журналист | | материалдарын визуалды рәсімдеу;<br><br>Әлеуметтік желілерді жүргізу, контент-жоспар құру, әлеуметтік желілерде контент жасау және жариялау. |

5. Үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі (**жергілікті атқарушы органдардың Жоспарында көзделген грант тақырыбына өтінім берілген жағдайда толтырылады**).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуы жоспарланған өңірдегі жұмыс тәжірибесін сипаттаңыз.

| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі) | Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі |
|---|---|---|---|---|

**Төраға:** **Балтабаев Т.**

8-қосымша
Нысан

**Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны**

1. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.
***осы нысанды толтыру кезінде әлеуметтік жобаның мақсаттары, күтілетін нәтижелер, іске асыру мерзімі және жобаның аумақтық қамтылуы Грант жоспарына қатаң сәйкес келуі керек.***

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты | Өңірдегі суретшілерге қолдау көрсету |
| Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның міндеттері | Шетелдік және отандық суретшілердің шеберлік сыныптары мен вернисаждарын ұйымдастыру;<br>Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен симпозиум ұйымдастыру;<br>Шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазу үшін Маңғыстау облысының киелі жерлеріне турын ұйымдастыру.<br>Нұр-Сұлтан қаласында суретшілер жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу.<br>Жобаны ақпараттандыру бойынша кешенді жұмыс жүргізу |
| Ұсынылатын іс-шаралар | Жоба міндеттерін толық іске асыру үшін келесідей іс-шаралар ұйымдастырылады:<br><br>**№1 іс-шара.** Тапсырыс берушінің келісімімен жобаның жұмыс жоспары әзірленеді және бекітіледі.<br>**№2 іс-шара.** Шетелдік және өңір суретшілерінің қатысуымен «Жеті әлем – жеті түс» тақырыбындағы симпозиум ұйымдастырылады. Симпозиум панельдік сессия форматында өтеді. Симпозиумге әуесқой және кәсіби суретшілер, БАҚ өкілдері, мемлекеттік мекеме басшылары, қоғамдық пікір көшбасшылары, үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысады. Симпозиум жұмысының нәтижесінде қатысушылардың ұсыныстары жазылған қарар қабылданады және Манғыстау облысы мәдениет, тілдері дамыту және архив ісі басқармасына жолданады.<br>**№3 іс-шара.** Тапсырыс берушінің келісімімен бірлестіктің «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған шетелдік **(Ресей Федерациясынан** |

| | |
|---|---|
| | **Баймуханов Геймран, Өзбекстан Республикасынан Раджабов Умарбек)** суретшілердің вернисажы ресми ашылады және шеберлік сағаттары ұйымдастырылады.<br>**№4 іс-шара.** Тапсырыс берушінің келісімімен бірлестіктің «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған отандық танымал суретшілер Ғани Баяновтың (Алматы қаласы)және Жеңіс Кәкенұлының (Нұр-сұлтан қаласы) вернисажы ресми ашылады және шеберлік сағаттары ұйымдастырылады.<br>**№5 іс-шара.** Бірлестік шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазуы үшін «Мың бояулы Маңғыстау» пленэрін ұйымдастырады. Плэнер қатысушылары өңірдегі сакральды мекендері *(Айрақты-Шерқала-Көгез этноауылы және Бозжыра-Қарынжарық бағыты)* бойынша сапарға шығады. Бірлестік қатысушылардың тамақтануын, жату орнын және барып-келуін толық қамтамасыз етеді.<br>**№6 іс-шара.** Жобаны жүзеге асыру барысында бірлестік жоба аясында өткен іс-шаралардың қатысушыларының жұмыстарын жинайды. Аталған өнер туындыларын кең көлемде насихаттау мақсатында Нұр-сұлтан қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесін ұйымдастырады.<br><br>**Қосымша:**<br><br>**№7 іс-шара**. Бірлестіктің SMM маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;<br><br>**№8 іс-шара.** Барлық іс-шаралар бірлестіктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, БАҚ беттерінде жарияланады. Барлық ақпараттық материалдар Тапсырыс берушімен келісіледі және Манғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ресми логотиптері көрсетіледі. |
| Аумақтық қамтылуы | Маңғыстау облысы |

| | |
|---|---|
| Мақсатты топтар | - Жастар;<br>- Өңір тұрғындары;<br>- Жас суретшілер;<br>- Кәсіпқой суретшілер;<br>- Мәдениет саласының қызметкерлері (сарапшылар). |
| Күтілетін нәтижелер | Жоба аясында шетелдік суретшілердің 2 шеберлік сабағы және қазақстандық суретшілердің 2 шеберлік сабағы ұйымдастырылады. Тікелей қамту – 150 адам.<br>Облыстық және отандық суретшілердің (60 қатысушы) қатысуымен вернисаж ұйымдастырылады.<br>Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен симпозиум ұйымдастырылады (70 қатысушы)<br>Шетелдік суретшілер Маңғыстау облысына 7 этюд жазады.<br>Республика астанасында Маңғыстау облысы суретшілерінің жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады |

2. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырудың негіздемесі.

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бағытталған мәселелер бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы | Жоба негізінен азаматтардың, әсіресе жастардың мәдени өмірге аз тартылуымен байланысты проблемаларды шешуге бағытталған. Еліміз түбегейлі әлеуметтік, экономикалық, рухани өзгерістерді бастан кешуде, мәдени мұраны терең зерттеу, тарихи жадтың бұзылуын болдырмау, сондай-ақ еліміздің ұлттық болмысын сақтау ерекше маңызды. Жоба осы мәселені шешу үшін суретші мен оның көрермені өзара байланысының түбегейлі жаңа форматын қолдана отырып, азаматтарды мәдениет пен өнерге қызықтыруға және тартуға тырысады.<br>Соңғы бірнеше жылда бұқаралық мәдениет, жастардың жалпы мәдениетке және өнерге қатынасы, жастардың рухани және адамгершілік бағыттары саласында бірнеше зерттеулер жүргізілді. Олардың барлығы ақпараттық технологиялар ғасыры жастардың рухани құлдырауына өз үлесін қосқанын көрсетіп отыр.<br>Ұлттық бірегейліктің айрықша белгілерін әрқашан әлемдік кеңістікте көрсететін дүние- өнер болып табылады. Өнер салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың ерекшеліктерін анықтайтын күшке ие. Ал сол ұлттық колорит пен тарихты көрсету қазақ бейнелеу өнері үшін маңызды болып |

| | |
|---|---|
| | есептеледі. Маңғыстау облысы орталықтан шалғай орналасқанына қарамастан еліміздің мәдени өміріндегі барлық процестерден қалыс қалған емес. Сәйкесінше, еліміздегі бейнелеу өнеріне, оның салаларына, суретшілердің әлеуметтік мәртебесіне қатысты бірқатар мәселелер де өңір үшін таңсық емес.<br>Бүгінде еліміздің, оның ішінде өңір суретшілері үшін өзіндік стиль қалыптастыруға, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін алаң ұйымдастыру маңыздылығы күн тәртібінен түспей тұр. Осы мақсатта Манғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Көктем бояуы» жас суретшілер байқауын және «Көктемгі вернисаж» көрмесін, «Маңғыстау жұлдыздары» фестивалін, «Мың бояулы – Маңғыстау» халықаралық симпозиумын ұйымдастырып келеді. Дегенмен. әуесқой және кәсіби суретшілерді бір ортаға тоғыстыру және олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін бұл шаралар жеткіліксіз.<br>Өңірде жыл сайын 12-15 жас Маңғыстау өнер колледджінің «Кескіндеу, мүсіндеу және графика» мамандығы бойынша оқуын аяқтайды. Аталған жас суретшілердің айтуы бойынша, олардың қалыптасуы мен алға жылжуы мәселесі оқып жүргенде-ақ туындайды, мәселен олардың болашақ мансабын құруға көмектесетін арнайы пәндер, қазіргі заманғы өнер тарихы мен өнер теориясы жоқ. Нәтижесінде, көптеген түлектер қазіргі заманғы өнер институттары мен галереялары олардан не күтетінін толық түсінбейді. Оқу-орын тарапынан өзара түсіністік пен қызығушылық жоқтықтан, суретшілер көбінесе өздерінің көркемдік қызметін жалғастырмайды. Ол өз кезегінде мәдени институттарда заманауи проблемаларды ашатын және қазіргі өнердегі өзекті процестерді көрсететін сапалы «мазмұнның» жетіспеушілігіне әкеліп соғуда.<br>Тағы бір мәселе – галереялар мен суретшілер арасындағы қарым-қатынас деңгейінің төмендігі, жас суретшілер көбінесе еңбегінің шын мәніндегі бағасын түсінбейді. Жас суретшілер үшін қазіргі заманғы өнердің ерекшеліктерін, монетизациясын және шығармашылық нарықтың ережелерін түсіну маңызды.<br>Сонымен қатар, көше өнеріне құмар жастар мен жасөспірімдердің шығармалары бағаланбайды, граффити, каллиграфия және басқа да заманауи шығармашылық бағыттарға құмар жастардың шығармашылық жұмыстарына БАҚ өкілдерінің, |

| | |
|---|---|
| | қарапайым азаматтардың, өнертанушылардың назар аударуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындауда.<br>Жоба қазіргі динамикалық өмірге сәйкес келетін жаңа формаларды іздеу арқылы жалпы азаматтардың, атап айтқанда жастардың мәдениет пен өнерге деген әлсіз қызығушылығы мәселесін шешуге арналған. Жобаның идеологиялық компоненті еліміздің бай шығармашылық мұрасына деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Өңір халқының белсенді бөлігін тарту және жобаның іс-шараларына қатысу арқылы патриотизмге тәрбиелеуге, батыс мәдениетіне еліктеуге ұмтылатын жаңа ұрпаққа рухани және адамгершілік жағынан кедей болып, жалған құндылықтарды игеруге жол бермей, ұрпақтар байланысын нығайтуға ықпал етеді. |
| Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, соның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме | 1. ҚР Суретшілер Одағының мақаласы: https://zanmedia.kz/archives/68561<br>2. Өңірдегі суретшілер мәселелері туралы: https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/110504<br>3. Педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі Сейтқали Аманжоловтың мақаласы: https://egemen.kz/article/4630-bilimdegi-beyneleu-oneri-dgaqsy-qadam-attegen-ay-da-az-emes<br>4. Ұлттық бейнелеу өнері туралы Әмір Досхожиннің мақаласы: https://el.kz/news/iskusstvopage/ulttik_beineleu_oneri/<br>5. Қазақ бейнелеу өнерінің бүгіні мен өткені: https://www.oner.kz/visual-arts/view/16553-kazak-bejneleu-onerining-bugini-men-otceni<br>6. Қазақ мәдениетіндегі заманауи бейнелеу өнерінің ерекшеліктері: https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/29747/ |
| Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау) | Бірлестіктің 2021 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан «Шеберханадағы бір күн» жоба аясында фокус-топтық талқылау өткен болатын.<br>Нәтижесінде, өңірдегі бейнелеу өнері саласындағы бірқатар мәселелері қоғам белсенділерінің, БАҚ өкілдерінің, жергілікті атқарушы органдардың жетекшілерінің қатысуымен талқылап, Маңғыстау |

| | |
|---|---|
| | облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына бірқатар ұсыныстарын жеткізген. https://mangystaumedia.kz/kk/kogam/madeniet/106685 |

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын кімдер).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады.

| Мақсатты топ | Саны | Жасы | Мақсатты топтың алатын пайдасы |
|---|---|---|---|
| Жастар | Кемінде 100 | 14-29 | Бейнелеу өнері саласының өкілдерімен, жергілікті, отандық және шетелдік суретшілердің туындыларымен танысады, бос уақытын тиімді ұйымдастырады. Жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы рухани құндылықтарды қалыптастырады. |
| Өңір тұрғындары | Кемінде 100 | 14 – 60-тан жоғары | Бейнелеу өнері саласының өкілдерімен, жергілікті, отандық және шетелдік суретшілердің туындыларымен танысады, бос уақытын тиімді ұйымдастырады. Жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы рухани құндылықтарды қалыптастырады. |
| Жас суретшілер | Кемінде 50 | 14-29 | Бейнелеу өнері саласының өкілдерімен, жергілікті, отандық және шетелдік суретшілердің туындыларымен танысады және тәжірибе алмасады. Жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы өзіндік стиль қалыптастырады, шығармашылық әлеуетін ашады және өз саласындағы жергілікті қауымдастықпен байланыс орнатады. |
| Кәсіпқой суретшілер | Кемінде 30 | 25-60 | Шетелдік тәжірибелермен танысуға мүмкіндік алады, жас суретшілерге бағыт-бағдар береді, шығармашылығын көпшілікке таныстырады және өз саласындағы жергілікті қауымдастықпен байланыс орнатады. |
| Мәдениет саласының қызметкерлері (сарапшылар) | Кемінде 20 | 25 – 60-тан жоғары | Мәдениет саласының, оның бейнелеу өнері саласының өкілдерімен пікір алмасады, сарапшылық деңгейін арттырады. Бейнелеу өнерінің шетелдік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тәжірибесімен танысады. |

4. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама серіктестері мен мүдделі тараптар.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптар тізіліп (мысалы, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес саласының өкілдері, БАҚ өкілдері, халықаралық ұйымдар және т.б.) олардың әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуы, сондай-ақ қолдау түрлері (ақпараттық, кеңес беру) баяндалады.

| Серіктестің, мүдделі тараптың атауы | Қатысу түрі мен нақты бағыты |
|---|---|
| «Маңғыстау Медиа» ЖШС | Жобаға ақпараттық қолдау көрсету |
| «Маңғыстау облыстық өнер колледжі» МКҚК | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету |
| «Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету |
| «Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік музейі» РМҚК | Жобаға сараптамалық қолдау, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету |
| «Platforma.projectroom» шығармашылық кеңістігі | Жобаға сараптамалық қолдау, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету |

5. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша сұраныс берушімен кері байланыс.

| Мақсатты топтың атауы | Мақсатты топтың қанағаттану деңгейі қалай өлшенеді |
|---|---|
| Жастар | Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы, жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін жастармен кемінде 2 фокус-топтық талқылау |
| Өңір тұрғындары | Тікелей кері байланыс – өңір тұрғындары арасында сауалнама жүргізу және пікірлер жинау |
| Жас суретшілер | Тікелей кері байланыс –жас суретшілер арасында сауалнама жүргізу және пікірлер жинау |
| Әуесқой және кәсіпқой суретшілер | Тікелей кері байланыс – әуесқой және кәсіби сауалнама суретшілер арасында жүргізу және пікірлер жинау |
| Мәдениет саласының қызметкерлері (сарапшылар) | Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін пилоттық жобаға қатысатын мәдениет саласының өкілдерімен кемінде 3 сұхбат (интервью) |

6. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау жоспары.

| Әлеуметтік жоба және әлеуметтік бағдарламаның мақсаты: | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Міндет | Іс-шара | Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер | Индикаторлар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелерге) | Өлшеу жиілігі |
| Облыстық және халықаралық суретшілердің қатысуымен | 1. «Жеті әлем – жеті түс» тақырыбындағы симпозиум | **Қысқа мерзімді нәтижелер:**<br><br>«Жеті әлем – жеті | **Сандық көрсеткіштер:**<br><br>Симпозиум бағдарламасы – 1 | Жобаны іске асырудың барлық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| симпозиум ұйымдастыру | ұйымдастыру:<br>- Симпозиум бағдарламасы мен қарарын жасақтау;<br>- Симпозиум қатысушыларының тізімін бекіту;<br>- Симпозиум жұмысын ұйымдастыру;<br>- Симпозиум қатысушыларының қатысуын қамтамасыз ету;<br>- Тапсырыс берушінің келісімімен іс-шараға қажетті полиграфиялық және типографиялық өнімдерді дайындау | түс» халықаралық симпозиумының қарары мен бағдарламасы бекітілді;<br><br>Сипмпозиумға отандық және халықаралық суретшілер, мәдениет өкілдері қатысты;<br><br>Симпозиумге қажетті типографиялық өнімдер (баннер, брошюра, бейджик) дайындалды;<br><br>Ақтауда кезекті халықаралық симпозиум өтті.<br><br>**Ұзақ мерзімді нәтижелер:**<br><br>Симпозиум жұмысының нәтижесінде қатысушылардың ұсыныстары жазылған қарар қабылданды және Манғыстау облысы мәдениет, тілдері дамыту және архив ісі басқармасына жолданды | Сипмпозиум қатысушыларының саны – кемінде 70 қатысушы;<br><br>Симпозиум хаттамасы – 1<br><br>Типографиялық өнім (баннер) – 1<br><br>Типографиялық өнім (брошюра, бейджик) – кемінде 70 | кезеңінде |
| Шетелдік және отандық суретшілердің шеберлік сыныптары мен вернисаждарын | 2. «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған шетелдік (Түркіменстан | **Қысқа мерзімді нәтижелер:**<br><br>Өңірдің жас суретшілері шетелдік | **Сандық көрсеткіштер:**<br><br>Шеберлік сағатқа қатысушылардың саны – кемінде 150 адам; | Жобаны іске асырудың барлық кезеңінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ұйымдастыру | Республикасы, Әзірбайжан Республикасы) суретшілердің вернисажы мен шеберлік сағатын ұйымдастыру:<br>3. «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған отандық танымал суретшілер Ғани Баяновтың (Алматы қаласы)және Жеңіс Кәкенұлының (Нұр-сұлтан қаласы) вернисажы ресми ашылады және шеберлік сағаттары ұйымдастыру. | мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағатқа қатысты;<br><br>Шеберлік сағатқа 2 шетелдік суретші шақырылды және олардың тамақтануын, жатын орны мен қызмет ақысымен қамтамасыз етілді;<br><br>Ақтауда шетелдік суретшілердің шеберлік сағаты өтті;<br><br>Өңірдің жас суретшілері отандық (Алматы, Нұр-сұлтан қаласынан шақырылған) білікті мамандардың қатысуымен өткен шеберлік сағатқа қатысты;<br><br>Шеберлік сағатқа 2 отандық суретші шақырылды және олардың тамақтануын, жатын орны мен қызмет ақысымен қамтамасыз етілді;<br><br>Ақтауда отандық (Алматы, Нұр-сұлтан қаласынан шақырылған) суретшілердің шеберлік сағаты өтті<br><br>**Ұзақ мерзімді нәтижелер:** | Шеберлік сағатқа шақырылған мамандардың саны – кемінде 4 адам;<br><br>Суретшілердің туындысы – кемінде 4 картина | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Шетелдік және отандық беделді суретшілердің кемінде 4 картинасы салынды | | |
| Шетелдік және облыс суретшілерінің этюд жазу үшін Маңғыстау облысының киелі жерлеріне турын ұйымдастыру | 4. «Мың бояулы Маңғыстау» пленэрін ұйымдастыру | **Қысқа мерзімді нәтижелер:**<br><br>Пленэр қатысушыларының тізімі мен өтетін орны бекітілді;<br><br>Плэнер бағдарламасы жасақталды;<br><br>Пленэр қатысушыларының барып-келуі, тамақтануы қамтамасыз етілді;<br><br>Өңірде халықаралық деңгейдегі плэнер өтті<br><br>**Ұзақ мерзімді нәтижелер:**<br><br>Маңғыстау табиғаты бейнеленген кемінде 7 картина салынды | **Сандық көрсеткіштер:**<br><br>Пленэр бағдарламасы – 1<br><br>Пленэр қатысушыларының саны – кемінде 10 адам;<br><br>Этюд саны – кемінде 7 картина | Жобаны іске асырудың барлық кезеңінде |
| Нұр-Сұлтан қаласында суретшілер жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру және өткізу | 5. Нұр-сұлтан қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесін ұйымдастыру | **Қысқа мерзімді нәтижелер:**<br><br>Өңір суретшілерінің көрмесіне қатысушылардың тізімі жасақталды;<br><br>Өңір суретшілерінң көрмесі өтетін орны белгіленді; | **Сандық көрсеткіштер:**<br><br>Көрмеге қатысушылардың саны – кемінде 5;<br><br>Көрмеге қойылатын туындылардың саны – кемінде 30 | Жобаны іске асырудың барлық кезеңінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Өңір суретшілерінің көрмесіне қатысушылардың барып-келуі, тамақтануы қамтамасыз етілді;<br><br>Көрмеге қажетті типографиялық өнімдер (баннер, брошюра, бейджик) дайындалды;<br><br>Көрмеге қажетті Нұр-сұлтан қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесі өтті. | | |
| Жобаны ақпараттандыру бойынша кешенді жұмыс жүргізу | 6. Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша контент-жоспар жазу;<br>7. - Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату;<br>8. - әлеуметтік желілерге арналған жобалардан қысқа есептік роликтерді монтаждау | **Қысқа мерзімді нәтижелер:**<br><br>Жобаның контент-жоспары бекітілді<br><br>Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жүргізілді<br><br>Әлеуметтік желілерге арналған ақпараттық жазбалар мен видеороликтер дайындалды және жарияланды | **Сандық көрсеткіштер:**<br><br>Контент-жоспар – 1<br><br>Пресс-релиз – 2<br><br>Кемінде 10 ақпараттық жазба<br><br>Кемінде 2 видеоролик<br><br>Интернет порталдарға мақала – 1 | Жобаны іске асырудың барлық кезеңінде |

7. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның күнтізбелік жоспары.

| Іс-шара | 1-ай | 2-ай | 3-ай | 4-ай | 5-ай |
|---|---|---|---|---|---|
| «Жеті әлем – жеті түс» тақырыбындағы симпозиум ұйымдастыру | х | | | | |
| «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған шетелдік (Түркіменстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы) суретшілердің вернисажы мен шеберлік сағатын ұйымдастыру | | х | х | х | |
| «Өнер» арт-галереясында өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған отандық танымал суретшілер Ғани Баяновтың (Алматы қаласы)және Жеңіс Кәкенұлының (Нұр-сұлтан қаласы) вернисажы ресми ашылады және шеберлік сағаттары ұйымдастыру | | х | х | х | |
| «Мың бояулы Маңғыстау» пленэрін ұйымдастыру | | | х | х | |
| Нұр-сұлтан қаласында «Жұмбақ жайлап, аңыз өрген – Маңғыстау!» өңір суретшілерінің көрмесін ұйымдастыру | | | | х | |
| Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша контент-жоспар жазу | х | | | | |
| Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату | х | х | х | х | х |
| Әлеуметтік желілерге арналған жобалардан қысқа есептік роликтерді монтаждау | х | х | х | х | х |

8. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тәуекелдері.

| Тәуекел | Ықтималдығын азайту стратегиясы және салдарын барынша азайту стратегиясы |
|---|---|
| Карантиндік шектеу шараларының енгізілуі | Қашықтан жұмыс істеуге көшу, барлық іс-шараларды онлайн платформалар (Zoom), әлеуметтік желілер және онлайн медиа арқылы онлайн өткізу |
| Билеттерді сатып алу кезінде олардың құнының күтпеген жерден өсуі | Жобаны жоспарлау кезінде сметаны егжей-тегжейлі есептеу арқылы қаржылық тәуекелдерді азайту |

9. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама қызметінің баспасөз ақпарат құралдарында (ары қарай – БАҚ) жариялануы.

| Ақпараттық өнім (мақала, видеоролик, баннер, пост, бюллетень және т.б.) | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама кезіндегі ақпараттық өнімдердің саны | Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, өз веб-сайты, әлеуметтік желілер, радио, пошта жәшіктері және т.б.) | Ақпараттың таралуы жиілігі |
|---|---|---|---|
| Жобаның басталуы туралы пресс-анонс | Кемінде 1 | Жергілікті БАҚ, қордың, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы | 1 рет |
| Жоба және жобаны жүзеге асыру барысы туралы пресс-релиз | Кемінде 5 | Республикалық және жергілікті БАҚ | айына 1 реттен кем емес |
| Әлеуметтік желілердегі ақпараттық посттар | Кемінде 10 | Бірлестіктердің, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы | айына 2 реттен кем емес |
| Бейнероликтер | Кемінде 2 | Бірлестіктердің, серіктестердің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы | Жобаны жүзеге асыру барысында 2-ден кем емес |
| Интернет-порталдарға мақала | Кемінде 1 | Интернет портал | Жобаны жүзеге асыру барысында 1-ден кем емес |
